

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ БАЙЛАНЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ

НЕГІЗДЕРІ

Карисбайұлы Бейбарыс

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының 2 курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., профессор – Джанзакова Ш.И.

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудағы мектеп пен отбасының өзара байланысының педагогикалық негіздері қарастырылады. Ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы, отбасы мен мектептің бірлескен әрекетінің мазмұны, формалары мен әдістері талданады. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда әлеуметтік-педагогикалық серіктестіктің рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: ұлттық құндылықтар, тәрбие, мектеп, отбасы, ынтымақтастық, педагогикалық негіздер.

Қазақ халқының сан ғасырлық рухани-мәдени мұрасы, төл салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымы ұлт болмысының өзегін құрайды. Қоғам дамуының әр кезеңінде ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру мәселесі мемлекет пен зиялы қауым назарында болып келді. Қазіргі жаһандану дәуірінде рухани сананың жаңғыруы, мәдени кодты сақтау, ұлтты идентификацияны нығайту – еліміздің стратегиялық бағыттарының бірі. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауларында жас ұрпақты ұлттық және жалпыдамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу, отбасылық әлеуметтенуді қолдау, мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікті күшейту қажеттігін үнемі атап көрсетеді. Президенттің «жаңа сапалы білім», «жауапты азамат», «берекелі отбасы» идеяларына құрылған бастамалары мектеп пен отбасының бірлескен тәрбие жүйесін жетілдірудің өзектілігін айқындай түседі.

Қазіргі білім беру кеңістігінде қабылданған концептуалдық құжаттар – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім салаларын қамтитын стратегиялық тұғырнамалар – тәрбиенің мазмұнын жаңа биікке көтеруді міндеттейді. Мысалы, ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «тәрбие жұмысының үйлесімді жүйесін қалыптастыру», «оқушы бойына мәдени-рухани, адамгершілік, азаматтық және ұлттық құндылықтарды дарыту» сынды талаптар айрықша айқындалған. Мұның өзі жас ұрпақтың тұлғалық кемелденуін ұлттық идеямен ұштастыру дамытудың мемлекеттік маңызы жоғары бағыт екенін көрсетеді.

Сонымен бірге «біртұтас тәрбие» қағидатын басшылыққа алған отандық білім беру жүйесі мектеп қабырғасында өркениетті ұлттық сана қалыптастыруды мақсат еткен жүйелі жұмыстарды жалғастырып келеді. Ұлттық мәдениетті таныту, салт-дәстүрдің адамгершілік әлеуетін ашу, ана тіліне деген құрметті тәрбиелеу, сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге, отбасылық және қоғамдық құндылықтарды бойға сіңіруге баулу – мектеп пен қоғамның сабақтас жауапкершілігі ретінде белгіленген. Бұл бағыттағы жұмыс оқушының рухани әлемін байытумен қатар, оның азаматтық болмысын шыңдауға арқау болып отыр.

Ұлттық тәрбиенің білім мазмұнына тереңдеу енгізілуінің жарқын мысалдарының бірі – бірқатар педагогикалық құжаттарды көрініс тапқан «Интегративті білім беру» бағдарламалары. Бұл бағдарламаларда оқушылар «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар» сабақтастығында дамуы тәрбиенің негізгі мақсаты ретінде айқындалған. Мұндай интеграциялық тәсіл жас буынның дүниетанымдық тұтастығын қалыптастыруға, рухани биігін шыңдауға, ұлттық тамырынан нәр салған заманауи адамзат тәрбиелеуге бағытталған.

«Құндылық» ұғымы адамзат қоғамының рухани дамуын, тұлғаның ішкі дүниесін, әлеуметтік мінез-құлқын түсіндіретін іргелі ғылыми категориялар қатарынан орын алады. Философия, педагогика мен психология ғылымдарында құндылық адам өмірінің мәнін айқындайтын, қоғамдық тәжірибе арқылы қалыптасқан мағыналар жүйесі ретінде қарастырылады. Құндылықтар тұлғаның дүниеге көзқарасын, өмірлік ұстанымдарын, әрекет бағытын анықтайтын ішкі бағдар қызметін атқарады.

Философиялық ғылымда «құндылық» ұғымы адам мен қоғам арасындағы рухани байланысты айқындайтын негізгі категориялардың бірі болып табылады. Құндылықтар мәселесі адамзат ойының даму тарихында аксиология ілімінің қалыптасуымен тығыз байланысты зерттеліп, тұлғаның болмысын, мәдениеттің мәнін, қоғамдық сананың құрылымын түсіндіретін ұғымдық өзекке айналды. Философиялық пайымдауларда құндылық адам үшін мәні бар құбылыстарды, мақсаттарды және идеалдарды білдіретін рухани өлшем ретінде сипатталады.

Педагогика ғылымындағы талдаулар құндылықтардың тәрбиенің мақсаты, мазмұны, нәтижесімен тығыз байланыста дамитынын дәлелдейді. Құндылықтар тәрбиелік ықпал арқылы тұлғаның ішкі сеніміне айналып, оның мінез-құлқын, өмірлік бағытын, әлеуметтік әрекетін реттейтін тұрақты рухани бағдар ретінде қалыптасады. Осындай ғылыми пайымдаулар ұлттық құндылықтарды мақсатты түрде қалыптастырудың педагогикалық маңызын айқындап, мектеп пен отбасының біріккен тәрбие жұмыстарының теориялық негізін күшейтеді.

Психология ғылымында құндылық ұғымы тұлғаның ішкі рухани әлемін, мінез-құлқын, өмірлік бағытын айқындайтын негізгі психологиялық категориялардың бірі ретінде қарастырылады. Құндылықтар адамның қажеттіліктері мен мотивтерін бағыттап, саналы әрекеттердің, таңдаулардың, шешімдердің ішкі реттеушісі қызметін атқарады. Психологиялық зерттеулерде құндылықтар тұлғаның мотивациялық-құндылықтық саласының өзегін құрайтын, салыстырмалы түрде тұрақты құрылым ретінде сипатталады.

Ұрпақ сабақтастығы ұлттық құндылықтардың әлеуметтік қызметінің маңызды қыры болып табылады. Ата-бабадан қалған рухани мұра тек материалдық мәдениет арқылы емес, ең алдымен құндылықтық бағдарлар арқылы беріледі. Отбасы дәстүрлері, салт ғұрыптар, ауыз әдебиеті мен халықтық тәрбие үлгілері жас ұрпақтың ұлттық санасының қалыптасуына негіз болады. Ұрпақаралық байланыстың әлсіреуі ұлттық құндылықтардың жүйесіз берілуіне, тарихи жадының үзілуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан ұлттық құндылықтарды сақтау мен жеткізу әлеуметтік жауапкершілік деңгейінде қарастырылуы қажет.

Отбасылық құндылықтар ұлттық тәрбие жүйесінің бастапқы әрі шешуші буыны саналады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, туыстық байланыс, ата-анаға сыйластық ұлттық мәдениеттің іргетасын құрайды. Отбасы жағдайында қалыптасқан құндылықтық бағдарлар тұлғаның кейінгі өмірлік ұстанымдарының негізіне айналады. Отбасылық тәрбие барысында ұлттық құндылықтар табиғи түрде, күнделікті қарым-қатынас арқылы меңгеріледі. Отбасындағы рухани ахуал мен тәрбиелік үлгі мектептегі тәрбиенің нәтижелілігіне тікелей ықпал ететін маңызды фактор ретінде танылады.

Отбасы – тұлғаның дүниеге келуінен бастап, оның рухани, адамгершілік пен

әлеуметтік болмысының қалыптасуына тікелей ықпал ететін жетекші әлеуметтік институт. Қоғамның ең кіші құрылымдық бірлігі ретінде отбасы жеке тұлғаның өмірлік ұстанымдары, мінез-құлқы, қиындықтық бағдарлары мен әлеуметтік рөлдерін меңгеруінің алғашқы әрі табиғи ортасы саналады. Педагогикалық және әлеуметтік ғылымдарда отбасы тәрбиесі тұлға дамуының іргетасы ретінде қарастырылып, кейінгі барлық тәрбиелік ықпалдардың тиімділігі отбасында қаланған негізге тәуелді екені дәлелденеді.

Отбасылық ортада бала қоршаған әлеуметтік шындықты ең алдымен эмоциялық қабылдау арқылы танып, қоғамда қабылданған мінез-құлық нормалары мен қарым-қатынас мәдениетін меңгереді. Ата-ана мен бала арасындағы күнделікті өзара әрекет, қарым-қатынас үлгілері, тәрбиелік талаптар мен көзқарастар тұлғаның ішкі дүниесінің қалыптасуына шешуші ықпал жасайды.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда отбасының әлеуметтік институт ретіндегі маңызы ерекше көрініс табады. Қазақ халқының дәстүрлі отбасылық тәрбиесінде үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, еңбекқорлық, ар-ұят, намыс, отансүйгіштік сияқты құндылықтар күнделікті өмір салты арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Мұндай құндылықтар арнайы оқытудан гөрі, ата-ананың жеке үлгісі, тұрмыс-тіршіліктегі әрекеттері мен сөз мәдениеті арқылы бала санасына табиғи түрде сіңіріледі. Сондықтан отбасы ұлттық тәрбиенің ең өміршең әрі тұрақты тетігі ретінде бағаланады.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайларда отбасының тәрбиелік әлеуеті жаңа сипат алып отыр. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, ата-аналардың еңбекпен қамтылу деңгейінің артуы отбасылық тәрбиенің мазмұны мен формасына ықпал етуде. Соған қарамастан, отбасы тұлға қалыптастырудағы жетекші әлеуметтік институт ретіндегі маңызын жоғалтпайды. Керісінше, ұлттық құндылықтардың әлсіреу қаупі артқан кезеңде отбасының тәрбиелік рөлі одан әрі күшейе түседі. Осы себепті отбасын ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі әлеуметтік тірегі ретінде ғылыми тұрғыда негіздеу педагогикалық зерттеулер үшін өзекті мәселе болып табылады.

Отбасылық ортада ұлттық құндылықтар ең алдымен ата-ананың мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымы арқылы беріледі. Бала үлкендердің іс-әрекетін бақылау, қайталау және соған еліктеу арқылы ұлттық мінез-құлық үлгілерін меңгереді. Психологиялық зерттеулерде дәлелденгендей, бала үшін ата-ананың сөзі мен ісінің үйлесімділігі тәрбиелік ықпалдың негізгі шарты болып саналады. Ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу, үлкенге ізет көрсету, қонақжайлылық таныту сияқты әрекеттер отбасында жүйелі түрде көрініс тапқан жағдайда, ұлттық құндылықтар баланың тұлғалық қасиетіне айналады.

Отбасындағы ұлттық құндылықтардың бейресми жолмен берілуі тәрбиенің үздіксіздігін, табиғилығын қамтамасыз етеді. Мұндай тәрбие тұлғаның ішкі дүниесіне терең орнығып, оның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымына тұрақты сипат береді. Сондықтан отбасы

ұлттық құндылықтарды сақтаудың, ұрпақ санасына сіңірудің ең сенімді әлеуметтік ортасы ретінде ғылыми тұрғыда негізделеді.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени және ақпараттық өзгерістер отбасылық тәрбиенің мазмұны мен құрылымына елеулі ықпал етуде. Дәстүрлі отбасылық тәрбие үлгілері заманауи өмір салтына бейімделе отырып, жаңа сипатқа ие бола бастады. Ғылыми еңбектерде отбасылық тәрбиенің трансформациясы отбасы құрылымының өзгеруімен, ата-аналардың әлеуметтік рөлдерінің кеңеюімен, ақпараттық ортаның күшеюімен тікелей байланысты қарастырылады.

Қазіргі отбасыларда ата-аналардың еңбекпен қамтылу деңгейінің артуы тәрбиелік ықпалдың уақыттық аясын шектеп отыр. Мұндай жағдайда бала

тәрбиесінде бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялар маңызды орын ала бастайды. Педагогикалық зерттеулерде отбасындағы тікелей қарым-қатынастың азаюы ұлттық құндылықтардың берілу қарқынына кері әсер ететіні дәлелденген. Ұлттық дәстүрлер мен салт-сананың күнделікті өмірде сирек қолданылуы баланың ұлттық дүниетанымының әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

Отбасы – баланың алғашқы тәрбие ортасы болса, мектеп – оның әлеуметтік ортада дамуын қамтамасыз ететін негізгі институт. Сондықтан бұл екі ортаның өзара тығыз байланысы тиімді тәрбие жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтардың педагогикалық мәні: Ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихи даму барысында қалыптасқан рухани-мәдени мұрасы. Оларға тіл, дін, дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық өнер, тарих және дүниетаным жатады.

Педагогика ғылымында ұлттық құндылықтар тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Олар оқушылардың: отансүйгіштік сезімін, ұлттық сана-сезімін, мәдени сәйкестілігін қалыптастырады.

Сонымен қатар, қазіргі отбасылық тәрбиеде демократиялық қарым-қатынас үлгілерінің кең таралуы байқалады. Ата-ана мен бала арасындағы серіктестікке негізделген өзара әрекет тұлғаның дербестігін арттырғанымен, ұлттық тәрбиенің кейбір дәстүрлі элементтерінің екінші орынға ығысуына себеп болып отыр. Ғалымдардың пайымдауынша, тәрбиедегі еркіндік пен ұлттық талаптардың арасындағы тепе-теңдік сақталмаған жағдайда, құндылықтық бағдарларда тұрақсыздық пайда болады.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтар отбасылық тәрбиеде саналы түрде қолдау таппаса, әмбебап мәдени үлгілердің ықпалы күшейе түседі. Шетелдік мәдени өнімдер, тілдік орта мен өмір салты баланың мінез-құлқына, дүниетанымына әсер етіп, ұлттық болмыстың көмескіленуіне ықпал етуі мүмкін. Әлеуметтанулық және педагогикалық зерттеулерде ұлттық құндылықтарды сақтау отбасындағы мақсатты тәрбиелік ұстанымдарға тікелей тәуелді екені айқындалады.

Отбасы мен мектеп арасындағы тәрбиелік ықпалдастық тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық тетік ретінде қарастырылады. Екі тәрбиелік орта арасындағы үйлесімді қарым-қатынас ұлттық құндылықтарды бірізді әрі мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тәрбиелік талаптардың ортақтығы, құндылықтық ұстанымдардың сабақтастығы мен бірлескен іс-әрекет оқушының санасында ұлттық тәрбиеге деген тұрақты көзқарас қалыптастырады.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, отбасы мен мектеп тәрбиесінің өзара ықпалдастығы жүйелі ұйымдастырылған жағдайда ғана тәрбиелік үдеріс үздіксіз сипат алады. Ықпалдастықтың ғылыми негіздерін айқындау ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы біріккен тәрбие жұмыстарының мазмұны мен бағыттарын нақтылауға жол ашады. Сондықтан отбасы мен мектеп арасындағы тәрбиелік байланысты педагогикалық тұрғыда негіздеу қазіргі білім беру жүйесі үшін маңызды теориялық міндеттердің бірі болып саналады.

Қазіргі педагогика ғылымында тәрбие үдерісінің тиімділігі тәрбиелік ықпал субъектілерінің өзара байланыс деңгейімен тікелей сабақтаса қарастырылады. Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты ғылыми тұрғыда негіздеу барысында «ықпалдастық», «ынтымақтастық», «серіктестік» ұғымдары негізгі теориялық тірек ретінде айқындалады.

Аталған ұғымдар мазмұны жағынан өзара байланысты болғанымен, педагогикалық мәні мен атқаратын қызметі бойынша ерекшеленеді.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі – тәрбиенің тиімділігін арттыратын маңызды фактор. Бұл байланыс келесі педагогикалық қағидаларға негізделеді:

- *Жүйелілік және бірізділік* – тәрбие жұмысының үздіксіз жүргізілуі.
- *Ынтымақтастық* – ата-ана мен мұғалімнің серіктестік қарым-қатынасы.
- *Ізгілік бағыттылық* – баланың тұлғасын құрметтеу.
- *Мәдени сәйкестілік* – ұлттық

ерекшеліктерді ескеру. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс формалары:

- ата-аналар жиналыстары.
- тренингтер мен семинарлар.
- отбасылық тәрбиелік іс-шаралар.
- ұлттық мерекелерді бірлесе өткізу.
- үй тапсырмаларын бірлесіп ұйымдастыру.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы бірлескен жұмыстың әдістері:

Мектеп пен отбасының біріккен тәрбиелік жұмыстары арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі әдістер тиімді:

- **Әңгіме және түсіндіру** (салт-дәстүр туралы).
- **Үлгі көрсету** (ата-ананың жеке өнегесі).
- **Тәжірибелік әрекет** (ұлттық ойындар, қолөнер).
- **Мәдени іс-шаралар** (Наурыз мерекесі, ұлттық кештер).
- **Жобалық жұмыс** (отбасылық шежіре құрастыру).

Бұл әдістер оқушылардың ұлттық құндылықтарды тек теориялық емес, практикалық тұрғыда меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тиімді өзара әрекеттестіктің шарттары:

Мектеп пен отбасының тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз ететін негізгі шарттар:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.
- мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі.
- сенімді қарым-қатынас орнату.
- ортақ мақсат қою.
- ұлттық тәрбиеге бағытталған орта құру.

Қорытындылай келе, оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда мектеп пен отбасының өзара байланысы ерекше маңызға ие. Бұл үдеріс жүйелі, мақсатты және бірлескен түрде жүзеге асқанда ғана тиімді нәтиже береді. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие – болашақ ұрпақтың рухани бай, саналы тұлға болып қалыптасуының кепілі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әділет. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы. Adilet.zan.kz. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K23002023_1/links

2. Әділет. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Adilet.zan.kz. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

3. Қожахметова К. Ж. Этнопедагогика: оқулық / К.Ж.Қожахметова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.

4. Дүсембінова Ш.И. Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне ендірудің ғылыми педагогикалық негіздері: пед. ғыл, док – Алматы, 2001. – 289 б.